

"Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1999 жылғы 22 ақпандағы № 14 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 26 сәуірдегі № 466 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 28 сәуірде № 15078 болып тіркелді

"Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 4-тармағын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1999 жылғы 22 ақпандағы № 14 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 913 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Осы бұйрықпен бекітілген Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу жөніндегі нұсқаулықта:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және жылжымалы мүлік кепіліне тіркеу жүргізу рәсімін нақтылайды. Нұсқаулық заңнамаға сәйкес жылжымалы мүлік кепілінің жекелеген түрлерін тіркеу жүктелген Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолдануына жатады.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімі – жылжымалы мүлік кепілі бойынша ақпаратқа қол жеткізудің, жылжымалы мүлік кепілін тіркеуге электрондық нысанда өтініш жіберудің және тіркеуші органдардың және (немесе) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жасалатын өзге де іс-әрекеттерінің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе;

2) жылжымалы мүлік кепілін тіркеу – жылжымалы мүлік кепілінің тізіліміне кепіл туралы шарттағы немесе кепіл талаптары қамтылған өзге де шарттағы мәліметтерді енгізу жөнінде жылжымалы мүлік кепілін тіркеу кезінде туындайтын қатынастарға қатысушылардың іс-әрекеттерінің жиынтығын, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік беруді және тіркеуші органдардың және (немесе) Мемлекеттік

корпорацияның осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жасалатын өзге де іс-әрекеттерін білдіретін Мемлекеттік корпорацияның жылжымалы мүлік кепілін есепке алу рәсімі;

3) жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік – Мемлекеттік корпорация өтініш берушіге беретін және жылжымалы мүлік кепілін тіркеу фактісін растайтын құжат;

4) жылжымалы мүлік кепілінің тізілімі (кепіл тізілімі) – тіркеуші органдар және (немесе) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын ақпаратты есепке алу және сақтау жүйесі;

5) Мемлекеттік корпорация – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру үшін, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

6) өтініш беруші – Мемлекеттік корпорацияға кепілді тіркеу туралы өтініш беретін адам; кепіл міндеттемесі тараптарының келісімі бойынша кепіл беруші де, кепіл ұстаушы да өтініш беруші болып табылады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы Нұсқаулықтың 6-тармағында көрсетілген құжаттармен қоса берілген өтініш немесе жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімі арқылы берілген электрондық нысандағы өтініш жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркеуге негіз болады.";

6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін екінші деңгейдегі банктер арқылы, сондай-ақ жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімі арқылы электрондық тіркеу";

15 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Жеке немесе заңды тұлғалар екінші деңгейдегі банкпен кепіл туралы шарт немесе кепіл туралы мәліметтер қамтылған өзге де шарт жасасқан жағдайда, екінші деңгейдегі банк кепіл ұстаушы ретінде жеке немесе заңды тұлғаның жазбаша келісімімен Мемлекеттік корпорацияның ақпараттық жүйесіне жылжымалы мүлік кепілін тіркеуге арналған, кепіл ұстаушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған өтінішті жібереді.

Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы өтініштің мазмұны осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес нысанда толтырылады.

Жылжымалы мүлік кепілін тіркеуге арналған өтінішке жылжымалы мүлік кепілі туралы шарт немесе кепіл талаптарын қамтитын өзге де шарт қоса берілмейді, бұл

ретте жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркегені үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың деректемелері туралы мәліметтер қоса беріледі.

Мемлекеттік корпорация өтінішті алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде кепіл ұстаушының ақпараттық жүйесіне және жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізіліміне Мемлекеттік корпорацияның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған осы Нұсқаулықтың 8, 9-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша электрондық құжат түрінде міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлікті не осы Нұсқаулықтың 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеуден дәлелді бас тарту туралы хабарламаны жібереді.

Жүргізілген тіркеу туралы ақпарат екінші деңгейдегі банктің және тіркеуші органның ақпараттық жүйелерінде сақталады және құжаттамалық растауды талап етпейді.

16. Кепіл беруші осы Нұсқаулықтың 15-тармағында белгіленген тәртіппен жылжымалы мүлік кепілін электрондық тіркеуден өткізуден бас тартқан жағдайда, кепіл беруші мен кепіл ұстаушының, жылжымалы мүлік кепілін тіркеуге арналған, кепіл берушінің және кепіл ұстаушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған өтінішті осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес нысандағы жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімі арқылы электрондық нысанда жіберуге құқығы бар.

Жылжымалы мүлік кепілін тіркеуге арналған өтінішке жылжымалы мүлік кепілі туралы шарт немесе кепіл талаптарын қамтитын өзге де шарт қоса берілмейді.

Мемлекеттік корпорация өтінішті алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде кепіл ұстаушының ақпараттық жүйесіне және жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізіміне Мемлекеттік корпорацияның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған осы Нұсқаулықтың 8, 9-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша электрондық құжат түрінде міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлікті не осы Нұсқаулықтың 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеуден дәлелді бас тарту туралы хабарламаны жібереді.

Жүргізілген электрондық тіркеу туралы ақпарат кепіл ұстаушының, тіркеуші органның және (немесе) Мемлекеттік корпорацияның ақпараттық жүйелерінде сақталады және құжаттамалық растауды талап етпейді.";

18, 19, 20 және 21-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Бас тартылған жағдайда Мемлекеттік корпорация өтініш берушіге осы Нұсқаулықтың 12, 15 және 16-тармақтарына сәйкес бас тарту туралы дәлелді жауапты жібереді.

19. Осы Нұсқаулықтың 16-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу өтініш қабылданған кезден бастап екі жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Кепіл бойынша құқықтардың (талаптардың) басқаға ауысуы тіркелген жағдайларда, оның ішінде активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру туралы шарт негізінде өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу кезінде, өтінішке, жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімі арқылы тіркеу жағдайларын қоспағанда, екі данада жасалған өзгерістерді, толықтыруларды енгізу туралы қол қойылған шарт (оның ішінде меншік құқығының басқаға ауысуы туралы шарт не құқықтардың (талаптардың) басқаға ауысуы туралы шарт) табыстау актісі немесе оның үзінді көшірмесі (түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі) қоса беріле отырып табыс етіледі, ол Мемлекеттік корпорация өтініште қамтылған мәліметтерді тексергеннен кейін тіркеу туралы белгі қойылып, өтініш берушіге қайтарылады.

20. Кепіл беруші болып табылатын республиканың басқа өңірлерінен келген заңды тұлғалар қайта тіркелген жағдайда, сондай-ақ жеке тұлға, оның ішінде дара кәсіпкер немесе резидент емес заңды тұлға кепіл беруші болып табылса, жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімі арқылы тіркеу жағдайларын қоспағанда, өтініш беруші тіркеу туралы белгісі бар бастапқы кепіл шартынның көшірмесін ұсынады.

21. Кепіл туралы шарттың қолданылуы аяқталған кезде тіркеу кепіл ұстаушының жазбаша өтінішті және негізгі міндеттеменің орындалғанын растайтын құжаттарды ұсынуы бойынша жылжымалы мүлік кепілі тізіліміндегі кепіл туралы жазбаны жою арқылы, сондай-ақ жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлікті қайтару арқылы жүргізіледі. Осы мүлікке басқа кепіл ұстаушылар болған кезде жазбаны жою оларды хабардар еткендігі туралы құжатты ұсыну арқылы жүргізіледі.

Өтініш жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімі арқылы жіберіледі."

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Әділет министрі

М. Бекетаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі

_____ Д. Абаев

2017 жылғы " ____ " _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК